



ҰРПАҚҚА ҰРАН БОЛҒАН ҰЛЫ ЖЕҢІС

Мәселен, 9 мамыр күні Бұлаев қаласында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған салтанатты іс-шара өтіп, орталық алаңға еңбек ардагерлері, аудан басшылығы, мәслихат депутаттары, күштік құрылымдар, кәсіпорындар мен мекемелердің ұжымдары, сондай-ақ қала тұрғындары мен қонақтары жиналды.

Алдымен мерекеге қатысушылар «Жеңіс лентасы» акциясына қатысып, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы сарбазы ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Мағжандықтар майдан даласында ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерді бір сәт үнісіздікпен еске алып, рухтарына ел болып тағзым етті.

Алаңға жиналғандарды аудан әкімі Рахат Смағұлов құттықтап, биыл Ұлы Жеңістің 80-жылдығына орай, көптеген іс-шаралар өткізіліп жатқандығын тілге тиек етті.

Құрметті ардагерлер, тыл еңбеккерлері, қадірлі жерлестер! Бүгін біз қасиетті де ерекше күнді атап өтудеміз - Ұлы Жеңістің 80 жылдығы. Бұл - халқымыздың батырлығы мен төзімділігінің, бірлігінің жарқын көрінісі.

Ұлы Отан соғысында жеңіске жету оңай болған жоқ. Мыңдаған жерлестеріміз майданға аттанып, Отан үшін жанын берді. Олар бізге ерлік пен патриотизмнің нағыз үлгісін көрсетті.

Бүгінгі ұрпақ сол ерлікті ешқашан ұмытпауы тиіс. Тарихты білу - парызымыз, ардагерлерді құрметтеу - борышымыз.

Құрметті қауым! Біз сіздердің ерліктеріңізді мақтан етеміз. Ел үшін еткен еңбектеріңіз - мәңгілік тарих. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Ұрпағымыз бейбітшілікті бағалап өссін, - деді Рахат Назымбекұлы.

Салтанатты жиында аудандық



Мамыр – елдік пен ерлікке үндейтін, өткенді жаңғыртатын, келешекке бағдар түзейтін айтулы мерекелер тейланатын ерекше ай. Әсіресе, 7 мамыр – Отан қорғаушылар және 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнінің мәні мен маңызы зор. Бұл күндері есинау бейбіт заманды сыйлаған Ұлы Отан соғысы ардагерлері, ерлік пен батылдықтың өмісүсіз үлгісін көрсеткен бағалық жерлестеріміздің ерлік іс ұластығын, өткенді қайта жаңғыртатын. Бүгінгі тыныштығымыздың сақшыларының еңбегін дәріптеп, жалтақ жұртқа наш етеміз.

ардагерлер кеңесінің төрағасы және облыс пен ауданның Құрметті азаматы, «Парасат» орденінің иегері Оралбай Шеріпұлы Сағандықов, сондай-ақ тыл еңбеккері Владимир Николаевич Калинин сөз сөйлеп, Жеңісті

жақындатқан жауынгерлер мен тылда аянай еңбек еткен жандарды еске алды.

Ерлік елге мұра, ұрпаққа өнеге. 9 мамыр Ұлы Жеңіс күні – біз үшін ең қастерлі, мәртебелі мереке. Үмітін үкілеген ана мен әкесін асыға күткен сәбидің арманы

әкелген жеңіс. Бұл - ардагерлердің жеңісі. Біздің жеңіс. Тарихта ел тағдырында ешпес із қалдырған жеңіс.

90 мыңнан астам солтүстік-қазақстандық Кеңес Әскерінің қатарына шақырылды, соның

ішінде 32 мыңнан астам жерлесіміз адамзатты фашизммен қорғау үшін өз өмірлерін құрбан етті. Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен жақындатқан еңбеккерлердің ерліктері ұмытылмайды. Сондықтар батырлар рухына бас иіп, тағзым етеміз, - деді Оралбай Шеріпұлы.

Ұлы Жеңісті жақындатуда майданда да ерлікпен шайқасып, тылда да жанқиярлықпен еңбек еткен ардагерлеріміз айрықша құрметке ие. Аға ұрпақ алып берген Ұлы Жеңіс бүгінгі күні ұрпағын жетістіктерге жігерлендіріп, жанымызға қуат береді, қиындықтарды жеңіп, алға ұмтылуымызға көмектеседі. Осынау ерлікке қарап, ескелең ұрпақ бой түзейді. Сол себепті Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшіліктің және қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын дәлелдейтін, Отанын қорғаған жауынгерлер мен офицерлердің айыбын, Жеңісті жақындатқан тыл еңбеккерлерінің мәңгі өшпейтінін айғақтайтын белгі болып қалмақ, - деді соғыс жылдары тылда еңбек еткен Владимир Николаевич.

Содан кейін жиналған халыққа «Ана туралы баллада» театрландырылған қойылымы көрсетіліп, оған аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары мен «Ханшайым» би тобының бишілері мен Мағжан Жұмабаев орта мектебінің ер оқушылары қатысты. Сондай-ақ балалардан құралған хор «Сол бір көктем» атты өн орындап, Жеңіс әкелген көктемді тебірене жырлады.

Мереке одан әрі өртістер дайындаған концерттік бағдарламамен жалғасып, мерекелік іс-шара көшеке «Достық» демалыс саябағында «Соғыс жылдарындағы өңдер» атты караоке-сағатымен ұласты.

ЕГІС - 2025

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!



ЖАЗДЫҚ ДАҚЫЛДАРДЫ ЕГУ БАСТАЛДЫ

Мағжан Жұмабаев ауданы ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің мәліметінше, қолайсыз ауа райына қарамастан, ауданның егістік алқаптарында көктемгі-дала жұмыстары өткізілуде.

Ағымдағы күні ауданның агроқұрылымдары егістік алқапта – 438,3 мың га немесе жоспардың 100% тырмалау жүргізді. Екінші ізбен ылғалды жабу 19,8 мың га аумақта

жасалды.

Егіс алдындағы өңдеу 48,1 мың га алаңда, оның ішінде химиялық өңдеу 7,5 га алаңда жүргізілді.

Қазір аудан егістіктерінде жаздық дақылдарды егу басталды. Ағымдағы күнге дөңді дақылдар 23,4 мың га, майлы дақылдар 4,6 мың га егілді.

Сондай-ақ 21,4 мың га алқапқа 1674 тонна минералды тыңайтқыштар енгізілді.

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Құрметті мағжандықтар!

«Magjan juldzy» газетінде «Жедел желі» іске қосылды.

Сіздер желі арқылы жергілікті атқарушы органдардың, кәсіпкерлік құрылымдардың қызметі және басқа да өмірлік маңызды мәселелер бойынша ескертулеріңізді, сұрақтарыңызды және ұсыныстарыңызды жеткізе аласыз.

Осылайша, газет арқылы халық пен билік арасында байланыс нығая түспек.

Барлық келіп түскен мәселелер газетте жарық көріп, атқарушы биліктің тиісті құрылымдары мен қоғамдық ұйымдардың нақты жауаптары жарияланатын болады.

Өзекті мәселелер бойынша 8-705-141-44-74 WhatsApp нөмірі бойынша хабарласуға немесе жазбаша түрде e-mail: magzhan.juldzy@yandex.kz.



zhuldizi@yandex.kz электрондық поштасына жолдауға болады.

Біздің мекен жайымыз: Бұлаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй, «Magjan juldzy» газетінің редакциясы.

Анонимді хабарламалар қарастырылмайды.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 06 МАМЫРДАҒЫ № 117 «СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНЫҢ АУМАҒЫНДА БАРЛЫҚ КАНДИДАТТАР ҮШІН ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ОРЫНДАР БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 06 мамырдағы № 117 «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы» қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7415 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1,2 қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р.Смағұлов.

Жалғасы, басы 2-бетте.

[illegible]

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 117 қаулысына 2 қосымша

[illegible]

АУДАН ӘКІМІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫМЕН ТАНЫСТЫ



13 мамыр күні аудан әкімі Рахат Смағұлов Чистовское ауылының жанында орналасқан «Аққайың» балалар сауықтыру лагеріне барып, жазғы маусымға дайындығын тексерді.

Биыл лагерьді күрделі жөндеуге 81 млн теңгеге бөлінген екен. Жөндеу жұмыстары 21 сәуірден бастап жүргізілуде.

Аудан басшысы объектіде құрылыс және абаттандыру іс-шаралары белсенді өткізіліп жатқанына көз жеткізіп, мердігерлермен, лагерь ұжымымен кездесті. Жалпы барлық жұмыстарды аяқтау 26 мамырға жоспарланған.

Лагерьдің инфрақұрылымы толық жаңартылуда, мәселен, бассейн, спорт алаңдары, музыкалық жабдықтар, шағын кинотеатр, этно-ауыл салынууда.

Құрылыс жұмыстарымен танысқан Рахат Назымбекұлы лагерьдегі санитарлық және өртке қарсы қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударуды тапсырды.

- Біздің балаларымыз үшін жазғы демалысты ұйымдастыруда қауіпсіздік, жайлылық және қызықты демалыс сияқты мәселелерге ерекше басымдық беруіміз қажет. Қазіргі кезде барлық қажетті қаражат бөлінді, лагерь штаты құрылуда, ауысымдар мен нұсқамаларды дайындауда. Сондықтан 25 мамырға дейін

жөндеу жұмыстарын сапалы аяқтап, лагерь балаларды қабылдауға толық дайын болуы керек, - деді Рахат Смағұлов.

Өз кезегінде «Аққайың» балалар сауықтыру лагерьінің директоры Мұрат Ортамышев, жөндеу жұмыстары сметаға сәйкес уақытылы әрі сапалы жүргізіліп жатқанын және лагерь балаларды қабылдауға толық дайын болатынын айтты.

- Лагерь спорт құралдарымен, бассейнмен, демалушылардың бос уақытын ұйымдастыруға арналған музыкалық аппаратурамен жабдықталатын болады. Әр маусым қосымша білім беру шеңберінде тақырыптық бағытта еркін корпус базасында (домбыра, робототехника, бейнемонтаж, қолданбалы шығармашылық, оқу мектебі, сондай-ақ Coworking Center) өтеді. Сонымен бірге, атпен жүру, шағын экскурсиялар өткізуге арналған әшекейлері бар киіз үй, шағын кинотеатр ұйымдастырылады. Сондай-ақ лагерьде балалар үшін этноауыл жұмыс істейтін болады, - деді Мұрат Жұмабайұлы.

МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

ОТАНДЫ СҮЮ - МІНДЕТІҢ, ОТАНДЫ ҚОРҒАУ - ПАРЫЗЫҢ!

Жүргізушілер 1992 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасының Қорғаныс күшін құру туралы жарлыққа қол қойылғанын айтып, бұл мереке әр кезде батылдық пен ерліктің, қаһармандық пен елдіктің нышаны, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі екенін тілге тиек етті.

Мерекеге жиналған қауым қазақ жерін жоңғар шапқыншылығынан қорғауда ғажайып ерлік көрсеткен, сөйтіп халықтың жүрегінде мәңгі сақталған батыр Баян есімін ұлықтады.

Атақты қолбасшы Баян Қасаболатұлы 1714 жылы Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Мағжан Жұмабаев ауданы Аралағаш ауылында дүниеге келген. 17 жасында жауынгерлік өнердің қыр-сырын меңгеріп, жоңғар шапқыншыларымен шайқастарға қол бастап шығып жүрген. Тарбағатай таулары мен Аяғөз маңында болған сексен күнге созылған сұрапыл қырғанды ұрыста ол батылдығымен, ержүректігімен көзге түсті.

«Арқаның селі, желі, шөлі,

белі,

Ұмытпаса, ерлерді ел де

ұмытпаса,

- деп жерлес ақын Мағжан

Жұмабаев қандыбалақ Баян



7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне орай, Бұлаев қаласында орналасқан Батыр Баян ескерткішінің алдында салтанаттық митинг ұйымдастырылды. Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің орынбасары Абай Қазисов, полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Асан Мейрамов, қорғаныс бөлімінің бастығы Нұржан Мелдешев, педагогикалық еңбек ардагері Татьяна Димитриева мен мектеп оқушылары қатысқан іс-шарада патриоттық леп сезілді.

Бүгінгі ұйымдастырылып отырған шараның мақсаты - жас ұрпақты ерлік рухта тәрбиелеу,

«Отан үшін жан пидә», - деп

өмір сүрген бабаларымыздың ерлік істерін тағы бір еске алу.

Осылайша, жиналған қонақтары батыр рухына тағзым етіп, ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Кезек-кезек сөз алып, Отан қорғаушы күнінің, Батыр Баян есімінің өскелең ұрпақ үшін аса маңызды екенін тілге тиек етті.

Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының оқушылары «Қазақстан», «Біздің әскер қуатты» әндерін орындап, «Батыр Баян» поэмасынан үзінді оқыды.

Бүкіл өмірін қазақ жұртының тәуелсіздігі жолындағы күреске арнаған ержүрек батырларымыздың бірі - Баян Қасаболатұлы. Ол өзінің батырлығымен, тапқырлығымен Абылай ханның ерекше құрметіне бөленген тұлға. Қазақ-жоңғар шайқастарына қатысып, есімі бүгінгі күнге жеткен «Батыр Баян» атаған.

Еркіндікті ту еткен әйгілі батырлардың ұлағатты істері біз үшін асқан мақтаныш, әрі таптырмас үлгі. Халқымыздың сан ғасырлық арманы бүгінгі күні орындалып, біз тәуелсіз елде татулық пен бірлікте өмір сүріп жатырмыз. Еліміздің еркіндігін сақтау енді біздің, жас ұрпақтың борышы.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

ОҚУШЫЛАР ШЕКАРА ЗАСТАВАСЫНДА БОЛДЫ

Өзектеген мемлекетіміздің ақалдымен тыныштық, бейбітшілік маңызды. Сондықтан шекара қызметі үлкен жауаптылықты талап етеді. Шекарашыларға жүктелер міндет салмақты белгиледі, бұған бала жаста бейнана патриоттық тәрбиені сіндіріп, шымырлыққа жастай баулыған ұтымды. Осыны назарға алған аудандық мектептер шекара заставаларына барып, шекарашылармен кездесті, олардың жауапты қызметімен жете танысып жүр.

Мәселен, жуырда Полтавка орта мектебінің оқушылары Қарақоға ауылында орналасқан «Батыр Баян» шекара заставасына барып, оның қызметімен танысып қайтты.

Өскелең ұрпақ өкілдері шекараны күзетудің жаңа техникалық құралдары, заманауи қару-жарақ пен техника үлгілерін өз көзімен көріп, заставаның тұрмыс-тіршілігіне қанықты.

Болашақ Отан қорғаушылар шекарашыларға қызықтырған сұрақтарын қойып, тұшымды жауап

тар алды.

Мұндай патриоттық тәрбиеге негізделген іс-шаралар мұнымен тоқтап қалмайды. Әскери өмірді балаларға таныстыру арқылы олардың бойында өз Отанын сүйіп, құрметтеуге және өз елін қорғауға деген азаматтық борышын сезіндірер рухты ояту көзделген.

Әділхан БАУЫРЖАН,
«Батыр Баян» шекара заставасы
бастығының орынбасары,
лейтенант.



МАРАПАТ

ТУҒАН КҮНІ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ



Ер азаматтың бәрі майданға айтпақанда, елдегі еңбекке жауап қалған баладан еңкейген қарлықа дейін «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен істеп жүрсе, сұңққа да қаралай тымда еңбек етті. Баламның шағы соғыспен тұспа-тұс келген ұрпақ бір сәтте ересекке айналып, жауанкершілік жүзін арқалады. Осылайша олар Жеңісті жақындайтуға үлес қосты. Солардың бірі – 91 жастағы тым ардагері сарытомарлық Қания Көпейқызы Шахметова.

Сарытомар ауылында тұратын Қания әже 1934 жылы 14 мамырда дүниеге келген. Небәрі 4-сыныптық білім ғана алған ол еңбекке ерте араласып, соғыс жылдарындағы қиын қыстау кезеңді басынан өткерді. Иә, ол кездегі балалар ерте есейіп, бақытты балалық шақ тек түстеріне ғана кіргенін біз жақсы білеміз. Егін салып, астық жинап, масақ теріп, күн көрген сол кездегі отбасылардың жағдайы қиынның қиыны еді. Дегенмен, қазақ халқы еңсесін түсірмей, майдандағы жеңістен кейін есегірен қалған елді қалпына келтіру ісіне белсене араласып, аялбай еңбек еткен еңбеккер ұлт қой.

Осы уақытта халық бар күшін салып, күн демей, түн демей, жұмыс істеп, туған жерді көркейтіп дамытуға өз үлестерін қосты. Өзі сияқты жастармен бірге ауылда Қания Көпейқызыда қажырлы еңбек етіп, бүгін тыл еңбеккері атаған алған еңбеккер жан. Ол Қазтай Сәдуақасұлымен тұрмыс құрып, он бала дүниеге әкеліп, оларға үлгілі тәрбие берген.

Саналы ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған алтын күрсақты ана өзінің туған күні Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың

«Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Жоғары марапатты Мағжан ауылдық округінің әкімі Темірболат Темірханов табыс етті.

Сондай-ақ бұл күні Сарытомар ауылдық бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Бегалы Хамитов пен «Жұмбабаев» фермерлік шаруа қожалығының басшысы Ерболат Өтеуленов Қания Көпейқызын туған күнімен құттықтап, сый-сияпат жасады.

Бүгін тоқсан бір жасқа келген Қания Көпейқызы ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, бейнеттің зейнетін көріп немерешөберелерінің қызығын көріп отырған ақжәулықке әже. Он бала төрбиелеп өсіргені үшін Қания Шахметова 1977 жылдың 10 тамызында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының атынан «Аналық медалімен» және 2002 жылдың 19 тамызында ҚР Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұйрығымен «Алтын алқа» алқасымен марапатталған.

Қазыналы қария тылда еңбек еткен күндерін еске алып, өмір тарихымен бөлісті. Жиналған меймандарға шынайы алғысын білдіріп, ақ батасын берді.

ЕР ЕСІМІ - ЕЛ ЕСІНДЕ

Содан болар, Ұлы Жеңіс күні - тарихта мәңгілікке жазылған, жауынгерлік ерлік пен жанқиярлықтың символына айналған әр отбасының жарқын да қастерлі мерекесі. Осы Ұлы Жеңістің шежіресінде есімі алтын әріптермен жазылған, Отан қорғаған елі де сол соғыс салған жаралар ұмытылуы мүмкін емес.

Осыған орай, 9 мамыр күні орман алқабында оранған Байшілік деген ауылдың зиратында соғыс ардагерлері мен боздақтарға және сол елде ел үшін қызмет жасаған ардагерлердің ұрпақтарына мемориалды тақта орнатылып еді.

Сол ескерткіш тақтада оймақтай ойылған сөздер әр адамды ойландыратыны сөзсіз.

Ол мынадай:
«Жеңіс туын желбіреткен,
Түлеп туған жерінде,
Сақталады есімдерің,
Жүректердің төрінде».

Осындай жүрекжарды өлең жолдарымен ескерткішті орнатуға қолдау көрсеткен «Аби Жер» ЖШС басқармасы Қайрат Ғалымұлы Қадралинге Байшілік ауылының тұрғындарынан, яғни ардагерлердің ұрпақтары атынан үлкен ризашылық білдіреміз.

Осы орайда, Президентіміздің «Жеңіс күні ұрпаққа берілетін ең басты тағылым - бірлік пен ынтымақ» деген сөздері ойыма қия оралады және де Батыр Бауыржанның «Отан үшін отқа түс», - дегені асқақ рухты Мағжан бабамыздың «Мен жастарға сенемін», - деген Алаш ұранының расталып жатқаны дерсің. Өйткені сол зұлмат соғыстың ардагерлерінің ұрпақтары бүгінгі өткенге көз тастар жастарымыз осы ескерткішті орнатушылар болып табылады.

Ескерткіштің ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов қатысып, майдангерлердің есімін мәңгі есте сақтауға бағытталған аталмыш бастамаға қолдау білдірді.

Айтулы шараға орай, бұрынғы Байшілік ауылының тұрғындары өткен ата-баба рухтарына Құран бағыштап, дұға жасады.

Содан соң, алыс-жақыннан жиналған ауылдастар Булаев қаласындағы «Береке» аудандық орталық мешітінде ас беріп, ардагерлерге тағзым етті.

Елінің ертеңі үшін жанын қиған соғыс ардагерлері елдің жұдырықтай жүрегінде жарқын жүзді батырлар бейнесімен мәңгі сақталатыны сөзсіз.

Ендеше, «Ерлікке тағзым – елдік парыз» деген осы шығар.

Жәмила ДОСОВА.

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ - ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВАНЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ

ӘЛИЯНЫҢ ЕРЛІГІ - ХАЛЫҚ ЖАДЫНДА



Әлия Молдағұлова 18 жасында ерлік жасап, Кеңес Одағының батыры деген ең жоғарғы атаққа ие болды, бірақ екіншісі, бұл оның өлімінен кейін болған жайт еді.

Әлия Молдағұлова өз жұртының санасынан жап-жас өршіл мінезді қазақ қызы ретінде ойып тұрып орын алды, қазақтың қаршадай қызы фашистік жүйемен соғыста ерлік пен қайтпас қайсарлығын көрсете білді.

Әйелдер мергендер мектебінің алғашқы қабылдау түлегі, ефрейтор Молдағұлова Әлия Нұрмұхамбетқызы 1943 жылы 23 ақпанда әскери ант берді. Жазда тағайындалып, солтүстік-батыс майдан бригадаларының біріне мерген болып барды.

Сол жылдың қазан айынан бастап 18 жастағы Әлия әскер қатарында болды. Алғашқы кезде кішкентай ғана нәзік қызды жауынгерлік командирі майдан шебіне жіберуден қорыққан. Бірақ ол табандылығын 17 жасында майданға баруға тырысқан кезінде-ақ көрсеткен.

1944 жылдың басында Псков облысында жұмыс істеген бригадаға Новоскольников қаласының маңындағы теміржол желісін істен шығару тапсырылған еді. Шешуші оқиғалар 14 қаңтарда болды. Жауынгерлер жаудың шабуылдарына бірнеше рет тойтарыс берді, өздері шабуыл жасауға тырысты, бірақ жаудың күшіне қарсы басымдық ала алмады. Осы сәтте Әлия Молдағұлова көзге түсті:

Рота командирі қаза тапқан сәтте ол бірінші болып шабуылға асығып, жауынгерлерді: «Бауырлар, сарбаздар, аттан!» деп, алға бастады.

Осы күндері болған шабуылда ол ондаған фашистің көзін жойды.

Жол бойында қыз жаудың минометін байқап, оны гранаталармен жойды. Бұл теміржол вокзалына қарай қозғалысты бастап берді. Бірақ Әлия қолын

жарақаттады.

Неміс траншеясына жеткенде қоян-қолтық ұрыс басталды, қазақтың өжет қызы мұнда да басқа жауынгерлерден қалыс қалмады. Екінші жарақатын кеудесіне тапаның оғы тигенде алған еді, бірақ ол неміс офицерінің көзін жойып үлгерді.

Амал не, осы ұрыс кезінде оның жарасы өлімге әкеп соқты. Әлия Молдағұлованың ерлігі - барлық қазақстандыққа - дала жауынгерлеріне тән қасиет еді, ал жауға деген терең жеккөрушіліктің үлгісі бола білді.

Уақыт өте келе, 1944 жылдың маусымында жауынгерлік ерлігі үшін Әлия Молдағұлова қайтыс болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағын алып, Ленин орденімен марапатталды.

Орынбасар ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА.

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫ - БАСТЫ НАЗАРДА

Кеңестің күн тәртібінде ауданда балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру, «Қазпошта» АҚ қызметі және ұлттық спорт түрлері бойынша аудандық жарыстың қорытындысы бойынша сұрақтар қаралды.

Аудандық білім бөлімінің басшысы талғат Қарабаевтың айтуынша, биыл жазғы іс-шаралардың барлық түрлерімен 2864 бала қамтылады, бұл 1-10 сынып оқушыларының жалпы контингентінің 89% құрайды.

5-20 маусым аралығында мектеп жанындағы алаңдар жұмысын бастайды. Тамақтандыруды ұйымдастырумен мектеп жанындағы алаңдарда балалардың жұмыспен қамту - 412 білім алушы құрайды, тамақтандырусыз - 1257, шатырлы лагерлерде - 126. Ауданның 30 мектебінде 20 маусымнан бастап спорт лагерлері (630 баланы қамти отырып), 6 кемтепте шатырлы лагерлер (120 оқушыны қамти отырып) жұмыс істейтін болады.

Еңбекпен қамту шеңберінде жазғы кезеңде 20 жоғары сынып оқушыларының еңбек жасақтарының, көгалдандыру және абаттандыру жөніндегі 28 бригаданың, жалпы саны 757 оқушының қызметі ұйымдастырылатын болады. 331 оқушы үшін әртүрлі мекемелердің жанынан қызығушылық бойынша клубтар мен үйірмелер жұмыс істейді; жалпы 831 оқушыны қамтитын 36 туристік жорықтар мен экскурсиялар өткізу жоспарлануда; сондай-ақ 48 туристік таныстыру сапарлары жоспарланған.

Жазғы кезеңде «Алтын ұрақ» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы» және «Қосымша білім беру орталығы» өз жұмысын жалғастырады. Алғашқысында - 19 үйірме, соңысында - 10 үйірме жұмыс істейтін болады.

Жазғы кезеңде мектеп жанындағы алаңдардың, сондай-ақ «Аққайың» сауықтыру лагерінің жұмысы шеңберінде жетім балалардың, аз қамтылған және көп балалы отбасылардың балаларын 100% жазғы демалыспен қамту жоспарлануда, олардың жалпы саны - 946 оқушыны құрайды.

«Аққайың» балалар сауықтыру лагерінің алғашқы маусымын ашу маусымына жоспарлануда. Онда 420 бала демалады деп жоспарланған. Оның 150 - бала жалпыға бірдей білім беру қорының қаражаты есебінен, 50 бала - кәсіподақ есебінен, 220 бала - демеушілік қаражат есебінен.

2025 жылдың 20 мамырында өлем Метрикалық Конвенцияға қол қойылғанына 150 жыл толады, ол халықаралық бірліктер жүйесін (SI) құруға және өлшемдерді жаһандық стандарттауға негіз қалады.

20 МАМАҒЫРДА МЕТРОЛОГИЯНЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫ АТАП ӨТІЛЕДІ



1875 жылы 20 мамырда Парижде «Метрикалық Конвенцияға» қол қойылды. Бұл әр түрлі елдерде өлшеу жүйелерінің бірлігін орнатқан алғашқы халықаралық шарт. Содан кейін оны 17 мемлекет бекітті. Қазақстан Метрикалық Конвенцияға 2004 жылы қосылды.

Биыл ЮНЕСКО әр жылдың 20 мамырын ресми түрде ЮНЕСКО-ның халықаралық күні деп таниды. Бұл атақ ЮНЕСКО-ның ғылым мен білім беру арқылы жақсы әлем құру миссиясына сәйкес келетін метрологияны дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Дүниежүзілік метрология күні - бұл жыл сайынғы оқиға, оның барысында бүкіл әлемде өлшемдердің біздің күнделікті өмірімізге әсері атап өтіледі. Биылғы тақырып - «Барлық уақыттағы, барлық адамдар үшін өлшемдер», бұл біздің өткенімізді, бүгінгімізді және болашағымызды қалыптастыру үшін өлшемдердің маңыздылығын көрсетеді.

2025 жылы Дүниежүзілік метрология күні «Барлық адамдар үшін барлық уақыттағы өлшемдер» ұранымен өтеді, бұл денсаулық сақтау мен өнеркәсіптен бастап сауда мен экологияға дейінгі күнделікті өмірдегі дәл өлшемдердің маңыздылығын көрсетеді.

2025 жылы Дүниежүзілік метрология күні кезінде тұрақты жаһандық экономика мен қоршаған ортаны құруға ықпал ететін көптеген өлшеу мүмкіндіктеріне назар аударылады.

13 мамыр күні аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен аппараттық кеңес өтіп, оған аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мәслихат төрағасы, полиция бөлімі басшысының орынбасары, төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы, «Аманат» партиясы филиалының төрағасы, ардагерлер кеңесінің және қоғамдық кеңестің төрағалары, жергілікті атқарушы және аумақтық органдардың басшылары, Булаев қаласы мен ауылдық округтердің әкімдері қатысты.

Аудандық кәсіподақ комитетінің қаражаты есебінен «Звездный континент» лагерінде 13 оқушы және ата-аналарымен бірге «Дискавери Бурабай» курорт-қонақ үйінде 10 жастан 16 жасқа дейінгі жас критерийлері бойынша 22 оқушы сауықтырылады.

«Бір күн қалада» бағдарламасы аясында Петропавл қаласына 500 баланы қамтитын экскурсиялар ұйымдастырылады. Сапар барысында балалар театрларға, ботаникалық баққа, кинотеатрларға, ойын-сауық орталықтарына және басқа да мәдени және демалыс орындарына барады.

Сондай-ақ, ауданда Мағжан Жұмабаев ауданының киелі жерлері бойынша аудан мектептерінің оқушылары үшін туристік маршрут әзірленді. Бұл балаларға туған өлкесінің тарихы мен мәдени мұрасын танып білуге, туған аймақтың дәстүрлері мен табиғатын зерттеуге қызығушылықты дамытуға мүмкіндік береді, - деді Талғат Болатұлы.

Аудан басшысы балалардың қауіпсіздігі - басты басымдық болып, жазғы демалыс мәдениетін қалыптастыру аса маңызды екенін атап өтті.

Ауданның білім бөліміне 2025 жылғы 20 мамырға дейінгі мерзімде «Аққайың» лагерінде санитариялық-эпидемиологиялық сараптама, дератизация, топырақты өңдеу және өрт қауіпсіздігі жөніндегі іс-шараларды жүргізуге өтінімдер беруді қамтамасыз етуді тапсырамын, - деді Рахат Смағұлов.

Екінші сұрақ бойынша «Қазпошта» АҚ аудандық пошта байланысы торабының бастығы Жанат Самаратов сөз алып, штат бойынша аудандық торапта 77 адам жұмыс істейтінін жеткізді.

«Қазпошта» АҚ ауылдық елді мекендерде зейнетақы, жәрдемақы, жалақы төлеу қызметін көрсетуді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша пошта, қаржы және агенттік қызметтердің кең спектрін ұсынатын Қазақстан Республикасының Ұлттық пошта байланыс операторы болып табылады. Қазіргі таңда, аудандық пошта бай-

ланысы торабында 5 бос жұмыс орындары бар, оның ішінде Булаев қаласындағы орталық операциялық учаскенің операторы, Булаев қаласы бойынша 3 пошташы және Полудино ауылдық пошта байланысы бөлімшесінің бастығы.

Бүгінгі күні аудандық пошта байланысы торабының құрамында 9 ауылдық пошта байланысы бөлімшесі, Булаев қаласының орталық операциялық учаскесі, 2 жылжымалы пошта байланысы бөлімшесі (бұдан әрі - ЖПББ) бар. 1-ші ЖПББ - 16 елді мекенге қызмет көрсетеді, 530 зейнеткер және 2-ші ЖПББ - 491 зейнеткер тұратын 14 елді мекенге қызмет көрсетеді.

Пошта қызметтері бойынша 2025 жылы мерзімді баспа басылымы - 4000 дана, 2024 жылы - 4650 дана жазылып алынды. Аудан тұрғындары «Вести» газетін қантарда 2261 дана, мамыр айында 1734 дана жаздырған. Ал «Мағжан жұлдызы» газетін қантар айында 754 дана, мамыр айында 530 дана жаздырған.

Тасымалдау кестесі республикалық, облыстық және аудандық басылымдардың баспадан шығуын ескере отырып әзірленді және бекітілді.

Пошта жөнелтімдерін ауданның елді мекендеріне дейін тасымалдау үшін 7 маршрут әзірленді. Ауданішілік маршруттардың жалпы ұзындығы 1400 шақырымды құрайды. Ауданішілік маршруттар бойынша зейнетақы, жәрдемақы төлеу үшін пошта жөнелтілдімдерін, мерзімді мөрді, ақшалай қаражатты тасымалдауды 4 ведомстволық автомобиль жүзеге асырады, - деді Жанат Секеңұлы.

Аудан әкімі республикалық және жергілікті мерзімді басылымдарға жазылу бойынша ақпараттық науқанын бақылауда ұстап, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне аудандық газеттерге («Вести», «Мағжан жұлдызы») жазылуды ынталандыру және таралымдарын қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырды.

Содан соң, аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Қанат Мұсатаев Қарақоға ауылында ұлттық спорт түрлері бойынша өткен аудандық

жарысты қорытындылап, үздіктерді атап өтті.

Ұлттық спорт түрлері - ұлттық рух пен дәстүрді паш ететін Қазақстанның мәдени мұрасы.

Бүгінде елімізде қазақтың 12 дәстүрлі ойыны белсенді дамып келеді: асық ату, аударыспақ, бөйге, дәстүрлі садақ ату, жамбы ату, кекеле-жек, көкпар, жаппай Аққайың, қазақ күресі, күсбөлігі, теңге ілу және тоғызқұмалақ. Біздің ауданда жарыс тек 9 түрі бойынша өтті.

Болашақта өскелең ұрпақ үшін жағдай жасау және барлық түрлерін дамыту, ауыл, округ, аудан ішінде жарыстар ұйымдастыру және кезек-кезеңімен облыстық деңгейге шығу қажет.

Енді ауданда өткен жарысқа келетін болсақ, қорытынды кестеге сәйкес Лебяжье ауылдық округі - 1-ші орын, Аққайың ауылдық округі - 2-ші орын және Успенка ауылдық округі - 3-ші орын иеленді, - деді Қанат Мерекеұлы.

Рахат Смағұлов жарыс жеңімпазы мен жүлдегерлерін марапаттап, дипломдар мен кубоктар табыс етті. Содан соң, жарыс нәтижелерін сөз еткен аудан басшысы қорытынды кестеде соңғы орындар алған ауылдық округтерді сынға алды.

«Ұлттық спорт түрлерін дамыту - мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі. Ауылдық жерлерде аталған спорт түрлерін дамыта отыра, біз мықты аудан құрамасын жасақтап, облыстық деңгейде лайықты өнер көрсете аламыз. Сондықтан мұндай жарыстарда бақ сынау үшін ауылда турнирлер ұйымдастырып, ауданға шығып, онда өтетін додаларға әр ауылдық округ белсене қатысуы қажет.

Осыған орай, мен 2025 жылғы 25 мамырға дейін аудандық жарыстардың қорытындысы бойынша үздік спортшылар базасында «Қызылжар - 2025» облыстық жарыстарына қатысу үшін аудандық құрама команда құруды және Аққайың ауданында 18-21 маусым аралығында өтетін облыстық жарыстарға аудан командасының шығуын және қатысуын қамтамасыз етуді тапсырамын.

Аудан үшін біз бар күш-жігеріміз бен білімімізді салып, қай сала болмасын, үнемі алдыңғы орындар көрінуге бірге атсалысуымыз қажет, - деді аудан әкімі.

Аппараттық кеңестің қорытындысы бойынша көтерілген мәселелер бойынша тиісті орган басшыларына нақты тапсырмалар беріліп, міндеттер жүктелді.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Мағжан Жұмабаев ауданының «Мағжан жұлдызы» және «Вести» газеттерінің (бұдан әрі - Газеттер) меншік иесі «Газета «Вести» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 2025 жылдың 8 маусымына тағайындалған Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан, Лебяжье, Полудин, Таман ауылдық округтерінің әкімдеріне кандидаттарды сайлау алдындағы үгіт материалдарды орналастыру үшін баспа алаңдарын ұсыну шарттары туралы хабардар етеді.

ГАЗЕТТЕРДІҢ БАСПА АЛАҢДАРЫН ҰСЫНУДЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТЫҚ МЕН ТӘРТІБІ

Газеттердің баспа алаңын ұсынуы Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан, Лебяжье, Полудин, Таман ауылдық округтерінің әкімдеріне тіркелген кандидаттарға баспа үгіт материалдарын орналастыруға баспа алаңын ұсыну туралы Серіктестікпен (газеттердің меншік иесімен) жасалған жазбаша шарт негізінде жүзеге асырылады.

Шарттың нысаны және оған ілесіп құжаттар жазбаша өтініш берген кезде ұсынылады. Кандидаттың (сенім білдірілген адамның) газеттермен баспа алаңдарын ұсыну туралы шартқа қол қоюы кандидаттың (сенім білдірілген адамның) газеттерден сайлау алдындағы үгітті жүргізуге байланысты қызметтерді қабылдауға келісімі болып табылады. Мұндай шартты жасасу үшін кандидат Газет иесіне мынадай ақпаратты көрсете отырып жазбаша өтініш береді:

- жазбаша өтініштің тіркеу нөмірі, күні және уақыты;
- жазбаша өтініш берген кандидаттың Т.А.Ә., сенім білдірілген тұлғаның Т.А.Ә.;
- адамның жазбаша өтініш беруге өкілеттігін растайтын құжат;

- кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) жеке куәлігі, үкілетті мемлекеттік орган берген кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) куәлігі, ҚР заңнамасына сәйкес өзге де құжат;

- баспа алаңының жоспарланған көлемін және оны ұсыну уақытын, үгіттік баспа материалдарының түрін көрсете отырып, жазбаша өтініштің мазмұны;

- кандидаттың не сенім білдірілген адамның қолы.

Жазбаша өтініштерді Газеттер 2025 жылғы 19 мамырдан 4 маусымға дейін қабылдайды.

Жарияланымдарда олардың төлемі, материалдарды шығаруға жауапты тұлғалар, қаржыландыру көздері, ақпарат берген тұлғаның тегі туралы мәліметтер болуға тиіс.

БАСПА АЛАҢДАРЫН ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ МЕН ТӘРТІБІ

Газеттердің баспа алаңын ұсынағандар үшін төлем мөлшері Қазақстан Республикасының Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Мағжан, Лебяжье, Полудин, Таман ауылдық округтерінің әкімдеріне кандидаттарға баспа алаңын ұсынуға арналған прайс-параққа сәйкес айқындалады және 1 (бір) шаршы метр үшін 180.00 (жүз сексен) теңгеге құрайды.

Баспа алаңдарын ұсынағандар үшін төлем сомасы тиісті сайлау қорымен алдын ала жүз пайыз төлем тәртібімен аударылады тиіс. Алдын ала төлем Серіктестік қойған шот негізінде осындай шот берілген күннен бастап 3 (үш) операциялық күн ішінде жүзеге асырылады. Төлем серіктестіктің тиісті шартта көрсетілген банктік деректемелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Нея ГОНЧАР,
«Газета «Вести» ЖШС
директоры.

Қазіргі өмірді Метрология мен өлшемдерсіз елестету қиын. Бірыңғай стандарттарсыз тәртіп мүмкін емес, нақты өлшемдерсіз прогресс мүмкін емес.

Қазіргі әлем дәл өлшеу арқылы жасалған. Күнделікті өмірімізде біз барлық жерде метрологиямен бетпе-бет келеміз. Қазіргі қоғамымыз өмірі мен қызметінің барлық аспектілері: денсаулық сақтау, экология мәселелері, ғылымды жаңғыртудың жаңа технологияларды дамыту және енгізу, қорғаныс қабілеті, энергетика, спорт, сауда және т.б. айқындаушы дәрежеде өлшемдердің дәлдігіне, бірлігі мен дұрыстығына байланысты.

Метрология адам өмірінің кез-келген салаларындағы теория мен практиканы біріктіреді. Метрологияның маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. Арнайы есептеулерсіз ол көлік жүргізбейді, ұшақ ұшпайды. Адамдар азық-түлік кілограмммен, ал сусындарды литрмен сатып алады және оларды қоршап тұрған ғажайыпты көруді сирек тоқтатады. Метрология қызметтерін пайдаланушылар - бұл бүкіл халық. Метрология біздің өміріміздің бір бөлігіне айналды және ол неғұрлым дәл, ыңғайлы болса, адам өзін жалпы әрі қауіпсіз сезінеді.

Дүниежүзілік метрология күні-метрологтардың кәсіби мерекесі. Іс-шараға қызметтің осы бағытына қатысу бар барлық адамдар қатысады. Олардың қатарына метрологтар, инженерлер, өлшеу техникасының жабдықтарын өндірушілер, көмекші персонал, оқытушылар, студенттер, бейінді оқу орындарының тұлғалары кіреді.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология Комитетінің СҚО бойынша департаменті барлық метрологтарды, ардагер - метрологтар және метрология саласындағы білікті мамандардың жаңа буынын, сондай-ақ метрологияға қатысу бар барлық адамдарды кәсіби мерекелерімен құттықтайды. Сіздерге алға қойған мақсаттарыңызға қол жеткізуде табыс, зор денсаулық, бақыт пен амандық, ертеңгі күнге деген сенімдік тілейміз.

Азамат КӨРИМОВ,
ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология
Комитетінің СҚО бойынша департаментінің
бас маманы.




Дүйсенбі, 19 мамыр	Сейсенбі, 20 мамыр	Сәрсенбі, 21 мамыр	Бейсенбі, 22 мамыр	Жұма, 23 мамыр	Сенбі, 24 мамыр	Жексенбі, 25 мамыр
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӨНҰРАН. 06.05 «КҮЙ-КЕРУЕН». 06.30 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 07.00 «ТАNSHOLPAN». 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 01.30 АҚПАРАТ. 10.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10, 05.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». 14.10 АПТА. 15.00 ҚОС ПАЛАТА. 15.20, 04.55 ЕҢБЕК АДАМЫ. 15.50, 03.55 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.00 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.20 Т/Х «112». 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 00.20 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 02.50 САНА.	06.00, 03.45 ӨНҰРАН. 06.05, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 01.25 АҚПАРАТ. 06.35 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 «ТАNSHOLPAN». 10.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10, 05.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.00 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». 14.10 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 14.30, 04.50 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 14.50, 21.20 Т/Х «112». 15.50, 03.55 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 01.55 «АШЫҚ АЛАҢ». 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 00.15 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 02.45 САНА.	06.00, 03.50 ӨНҰРАН. 06.05, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 01.25 АҚПАРАТ. 06.35 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 «ТАNSHOLPAN». 10.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10, 05.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.00 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». 14.10, 04.55 «ЕҢБЕК АДАМЫ». 14.50, 21.20 Т/Х «112». 15.50, 03.55 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.00 «АШЫҚ АЛАҢ». 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 00.15 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 02.50 САНА.	06.00, 03.45 ӨНҰРАН. 06.05, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 01.25 АҚПАРАТ. 06.35 «ІНЖУ-МАРЖАН». 07.00 «ТАNSHOLPAN». 10.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10, 05.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.00 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». 14.10, 03.50 «САЛЫҚ САЯСАТЫ». 14.30 «PISA. БІЛІМ ӨЛІШЕМІ». 14.50, 21.20 Т/Х «112». 15.50, 04.10 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 01.55 «АШЫҚ АЛАҢ». 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 00.15 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 02.45 САНА.	06.00, 03.25 ӨНҰРАН. 06.05, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ. 06.35 ФУТБОЛ. 07.00 «ТАNSHOLPAN». 10.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10, 05.00 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.00 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ». 14.10, 04.30 «ТЕЛЕДӨРГЕР». 14.50 Т/Х «112». 15.50, 03.30 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.30 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.45 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 00.20 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 01.30 САНА. 05.40 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ.	06.00 ӨНҰРАН. 06.05, 17.00, 00.30 АҚПАРАТ. 06.35, 03.45 ІНЖУ- МАРЖАН». 07.10 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 08.00 «ТАNSHOLPAN». 10.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00 «МҰЗЕЙДЕГІ ТҮН», Х/Ф. 14.10 Т/Х «ҚҰДАША ҚЫЗ». 16.10, 03.00 ЕҢ ДӘМДІ. 17.20, 00.55 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 01.15 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00 ЗАМАНДАСТАР. 21.10 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 22.20 «КӨШПЕНДІЛЕР», Х/Ф. 01.35 Д/Ф. 02.25 ТЕЛЕДӨРГЕР.	06.00 ӨНҰРАН. 06.05 «ІНЖУ-МАРЖАН». 06.45 М/Ф «ПЕРИЗАТТАР: ЖОБАЛҒАН ҚАЗЫНА». 07.55 С.МЕДЕУОВТЫҢ КОНЦЕРТІ. 09.20, 03.25 ТЕЛЕДӨРГЕР. 10.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00 КОНЦЕРТ. 14.00 Т/Х «ҚҰДАША ҚЫЗ». 16.10 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 17.10 «ӘЗІЛ ӘЛЕМІ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00, 01.30 АПТА. 20.50, 02.20 АҚОРЛА. 21.00 ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮП. 22.15 «АПАЛ», Х/Ф. 00.15 ЗАМАНДАСТАР. 02.35 Д/Ф. 03.55 «КҮМІС КӨМЕЙ».

Дүйсенбі, 19 мамыр	Сейсенбі, 20 мамыр	Сәрсенбі, 21 мамыр	Бейсенбі, 22 мамыр	Жұма, 23 мамыр	Сенбі, 24 мамыр	Жексенбі, 25 мамыр
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 PRESIDENT. 12.15 ӘЛЕУМЕТ. 12.30 ОЙНАТ. 13.30 Т/Х «ӘГЕЙ ЖҮРЕК». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00 Т/Х «КУКОЛЬНИЙ ДОМИК». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 22.30 КЕШІРЕС. 23.30 Т/Х «ЧЕРНАЯ ВДОВА». 00.30 Т/Х «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӨНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗКАРАС. 12.30, 19.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 13.30 Т/Х «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/Х «ЧЕРНАЯ ВДОВА». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 22.30 КЕШІРЕС. 23.30 Т/Х «ЧЕРНАЯ ВДОВА». 00.30 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӨНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 ТҮРЛІ ДҮМ. 12.30, 19.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 13.30 Т/Х «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00 Т/Х «ЧЕРНАЯ ВДОВА». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 22.30 КЕШІРЕС. 23.30 Т/С «СТАЖЕР». 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 КР ӨНУРАНЫ.	05.00 ҰЛТТЫҚ СПОРТ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗКАРАС. 12.30 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 13.00, 19.00 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 13.30 Т/Х «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/С «СТАЖЕР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.30 КЕШІРЕС. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 КР ӨНУРАНЫ.	05.00 ҰЛТТЫҚ СПОРТ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 НЕОСЕТЬ. 11.50 БР КІТАП. 12.00 ДӨСТҮР. 12.30, 19.00 Т/Х «АРМАНДАСТАР». 13.30 Т/Х «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/С «СТАЖЕР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.30 ОЙНАТ. 01.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 02.00 КР ӨНУРАНЫ.	05.00 ЖЕПІ ҚАЗЫНА. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОН- ТЕКСТ. 10.00 М/Ф. 11.30 М/Ф «ПАНДА И КИВИ». 12.00 «ДРАКОНЫ НАВСЕГДА», Х/Ф. 14.00 «ХХІ ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ». 15.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.15 «МНОГОДЕДНЫЙ», Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 БІЗДІң НАЗАРДА. 19.00 КЕШ ЖАРЫҚ! 21.00 «ДЕВЯТЬ ЯРДОВ-2», Х/Ф. 23.00 «ВРЕМЯ ПАТРИОТОВ», Х/Ф. 01.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.30 КР ӨНУРАНЫ.	05.00 ЖЕПІ ҚАЗЫНА. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 М/Ф. 10.30 М/Ф «КРАСНЫЕ ТУФЕЛЬКИ И СЕМЬ ГНОМОВ». 12.00 «ДЕВЯТЬ ЯРДОВ-2», Х/Ф. 14.00 АЗАМАТ. 15.15 КЕШ-ЖАРЫҚ. 16.00 «ВРЕМЯ ПАТРИОТОВ», Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 19.00 АЛПАШҚЫ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 «ДРАКОНЫ НАВСЕГДА», Х/Ф. 23.00 «МНОГОДЕДНЫЙ», Х/Ф. 00.30 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 КР ӨНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 19 мамыр	Сейсенбі, 20 мамыр	Сәрсенбі, 21 мамыр	Бейсенбі, 22 мамыр	Жұма, 23 мамыр	Сенбі, 24 мамыр	Жексенбі, 25 мамыр
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 02.15 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 Т/С «ПЕРВОКУРС- НИЦА». 14.00, 01.35 НОВОСТИ. 14.15, 01.55 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЭФФЕКТ ДОМИНО». 00.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.40 ТАМАША CITY.	06.00, 02.15 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «Я НЕ МОГУ БЕЗ ТЕБЯ». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.35 НОВОСТИ. 14.15, 01.55 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЭФФЕКТ ДОМИНО». 00.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.40 ТАМАША CITY.	06.00, 02.15 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «Я НЕ МОГУ БЕЗ ТЕБЯ». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.35 НОВОСТИ. 14.15, 01.55 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЭФФЕКТ ДОМИНО». 00.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.40 ТАМАША CITY.	06.00, 01.50 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «Я НЕ МОГУ БЕЗ ТЕБЯ». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.15 НОВОСТИ. 14.15, 01.35 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «СИНДРОМ ЖЕРТВЫ». 00.15 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.15 ТАМАША CITY.	06.00, 02.30 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 «Я НЕ МОГУ БЕЗ ТЕБЯ», Х/Ф. 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 «СУДЬЯ», Х/Ф. 03.45 ТАМАША CITY.	06.00, 03.20 ТАМАША CITY. 07.30, 02.30 «П@УТИНА». 09.20 ҚАЙМАҚ. 10.00 Т/С «ДОМ-ФАНТОМ В ПРИДАНОЕ». 14.10 «СУДЬЯ», Х/Ф. 18.00 ПЕРЕПОЙ ЗВЕЗДУ. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 20.55 «ЗАМОК НА ПЕСКЕ», Х/Ф. 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.10 ТАМАША CITY. 07.50, 02.20 «П@УТИНА». 08.45 ВОСКРЕСЕНЬЕ БЕСЕДЫ. 09.00 ПОЕХАЛИ. 09.45 «САКВОЯЖ СО СВЕТИМ БУДУЩИМ», Х/Ф. 14.05 Т/С «ЗАМОК НА ПЕСКЕ». 18.00 «МОСКОВСКАЯ ПЛЕННИЦА», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 Т/С «Я НЕ ВЕРЮ». 01.00 ЧТО? ГДЕ? КОГДА?

- Құмар ойын — әлсіздің әлегі. Мықтының рухы биік, денесі шымыр.
- Өзіңді сыйла,
Өзгелер сыйласын.
- Есқашан мақтанба! Жұрт мақтасын.
- Ренжітпе! Жүйелі қарғыс үшін табады.
Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.





ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША АУДАНЫҚ СПАРТАКИАДА

7 мамыр күні Қарақоға ауылында Отан қорғаушылар күніне орай, ұлттық спорт түрлері бойынша ауқымды жарыс өтті. Қатысушылар дәстүрлі көкпар, аударыспақ, аламан бөйге, құнан бөйге, қазақ күресі, тоғызқұмалақ, бес тас, асық ату және қол күрес сияқты спорттың 9 түрінен бақ сынасты. Сондай-ақ көрермен назарына «Қыз қуу» атты қазақ халқының ұлттық ойынынан көрініс ұсынылды.

Спорт мерекесін аудан әкімі Рахат Смағұлов ашып, ауданның елді мекендерінен келген спортшыларға сәттілік тіледі.

Сондай-ақ Рахат Назымбекұлы жарыс алаңдарын құрып, халықтың еркін тамашалауына жағдай жасағаны үшін Қарақоға ауылдық округ әкімдігіне және жергілікті серіктестікке Алғыс хаттар табыс етті.

Төрттеннен басталған дүбірлі дода спорт десе, ішкен асын жерге қоятын жанкүйерлердің қолдауымен аса тартысты әрі қызықты өтіп, көрермендердің көңілінен шыққаны сөзсіз.

Осылайша, әр спорт түрінен сайысқа түскен спортшылар барын салып, жеңіске ұмтылды.

Жарыс қорытындысы бойынша командалар төмендегідей нәтиже

көрсетті:

Аламан бөйге

- 1 орын - Успенка а/о
- 2 және 3 орын — Ноғайбай би а/о

Құнан бөйге

- 1 орын - Успенка а/о
- 2 орын - Лебяжье а/о
- 3 орын - Қарақоға а/о

Көкпар

- 1 орын - Аққайың а/о
- 2 орын - Лебяжье а/о

Аударыспақ

- 1 орын - Аққайың а/о
- 2 орын - Лебяжье а/о

Асық ату

- 1 орын - Успенка а/о
- 2 орын - Лебяжье а/о
- 3 орын - Ноғайбай би а/о

Қазақ күресі

- 1 орын - Лебяжье а/о
- 2 орын - Булаев қаласы
- 3 орын - Қарақоға а/о

Бес асық

- 1 орын - Успенка а/о
- 2 орын - Бөйтерек а/о
- 3 орын - Мағжан а/о

Тоғызқұмалақ

- 1 орын - Полудин а/о
- 2 орын - Қарақоға а/о
- 3 орын - Возвышен а/о

Қол күрес

- 1 орын - Чистов а/о
- 2 орын - Қарақоға а/о
- 3 орын - Булаев қаласы

Түс ауып, күн батуда жақындаған мезгілде мәресіне жеткен жарыста жалпыкомандалық есепте Лебяжье ауылдық округінің командасы топ жарды, Аққайың ауылдық округінің спортшылары 2-ші орынды ұтып алса, Успенка ауылдық округінің 3-ші орынға жайғасты.

Спорт мерекесінің қорытындысы бойынша жеңімпаз бен жүлдегер спортшылар медальдармен және кубоктармен марапатталып, көкпар, құнан бөйге, аламан бөйге және қазақ күресі бойынша үздік атанған спортшылар арнайы ақшалай сертификаттарға ие болды.



Директор - бас редактор
Незия ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Весты» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150890 Солтүстік
Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,
Булаев қаласы, Батыр Баиы көшесі, 13 үй.
Тел: 2-17-49.
Басылым индексі 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына
1 рет бейсенбі күні
шығады

«Magjan zhuldyzy» газеті
редакцияда теріліп беттеледі.
«Северный Казахстан»
баспаханасында басылады.
(Петропавл к., Коммуков к-сі, 5 үй).
Тарауымы - 570

Газет аудан әкімінің, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
шығарылады және газеттер арқылы
мемлекеттік ақпараттық саясатты
жүргізудегі ресми басылым болып
табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады